

---

FTAMP 10.01.07

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Б.Р. Есімсейтов**

*Ф.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор, ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Нұр-Сұлтан қ.*

**Ж.І. Есімхан**

*Магистр, оқытушы, ҚР Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Нұр-Сұлтан қ.*

Бұл мақала білім берудегі педагогикалық технологияларға арналады, ол білім берудің шығармашылық бастауын, кәсібилігін қамтиды. Мақалада инновациялық технологиялардың бірі — жобалық технология сипатталған. Жобалық технология білім беру үдерісінде бірқатар функцияларды жүзеге асырады, оқыту әдістемесі саласындағы құзыреттілік деңгейін бағалау үшін қызмет етеді, білімалушылардың білім жетістіктерін бақылаудың бір түрі болып табылады (білім, білік, дағды және жеке қасиеттері – құзыреттілік). Осы білім беру технологиясының жоба түрлері, құрылымы, ерекше ерекшеліктері мен артықшылықтары келтірілген.

**Түйін сөздер:** педагогикалық технологиялар, білім беру парадигмасы, құзыреттілік, мақсатты болжау, мотивация.

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл идея бүкіл білім беру жүйесіне реформа жүргізіп, оны модернизациялауды қажеттейді.

Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» Жолдауында былай деген: «Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн.» [1]. Қазіргі таңдағы нәтижеге бағытталған білім оқу процесінде білім алушыны бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға білімалушыларды белсенділендіретін оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді. Бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту» емес, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады.

Педагогикалық технологиялар – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған, ол білімалушының өздігінен жұмыс істеуіне, өздігінен ізденіп білім алуына жетелейді.

Қазіргі кезде білімалушылардың білім сапасын жетілдіруде технологияларды пайдалануда оқытушының білімі жеткілікті, жаңалықты білуге, меңгеруге құштар болуы қажет.

Технологияның өндірістік және әлеуметтік технология секілді түрлері бар. Соның ішінде әлеуметтік технология адамдық факторды қарастырып, субъектінің өсуі мен дамуына барынша ықпалдасады. Субъектіні жаңа сапалық деңгейге жеткізу мен дамытудың жолдары тек оқыту үрдісінде ғана жүзеге аса алады. Осыған байланысты технология педагогикамен ажырамас бірлікте қарастырылады. Энциклопедиялық сөздікте педагогикалық инновацияны... білім беру процесін айтарлықтай өзгертетін, жетілдіретін немесе жаңартатын білім саласындағы жаңалық [2] десе, ал, Қ. Мұқанованың зерттеу еңбегінде: педагогикалық технология алдын ала жоспарланған нәтижеге жеткізетін реттелген әрекеттер жүйесі. Ол ғылыми тұрғыдан негізделіп, оқытушының кәсіби біліктілігін жетілдіретін, оқытуда межеленген түпкі нәтижеге жетуге кепілдік беретін іс-әрекеттер жүйесі [3] деп түсіндіреді. Яғни жоғарыда аталған анықтамалардан педагогикалық технология оқыту жүйесінде жаңалықты, тиімділікті, түпкі нәтижені қажет ететіндігін түсінеміз. Бұл ретте, инновацияның алатын орны ерекше.

К. Өстеміров педагогикалық технологияны анықтауда мынадай тұжырымды анықтамалар тізбегін ұсынады:

Технология дегеніміз – белгілі бір процестерді жүзеге асыру әдістері жайындағы білімдердің жиынтығы. Технология дегеніміз – оқу процесін жандандыру мақсатында ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатқа жұмылдырылған, алдын ала ойластырылған ықпал мен әсер. Технология дегеніміз – оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы. Технология дегеніміз – тәжірибе жүзінде орындалатын белгілі бір педагогикалық жүйесінің жобасы [4].

---

Қазір педагогика жаңалықтарын қолданылып жүрген пән ерекшеліктеріне қарай пайдалана білу оқытудың мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, білімалушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы оқу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алуға бірлесе әрекет ету.

Шығармашыл, ізденімпаз, танымы кең тұлға қалыптастыру – қазіргі оқу үрдісінің ең басты талаптарының бірі, оның жолы – білімалушының танымдық ізденісін тиімді ұйымдастыру. Осы тұрғыда білімалушымен әртүрлі тапсырмалар орындауға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [5] – делінген. Қазіргі заман ағымына байланысты білім алушылардың білімге қызығуын арттыру үшін оқытушыларға жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру тәжірибесіне енгізілуде. Осылайша, жаңа инновациялық білім беру технологиялары білім берудің іргетасын, шығармашылық бастауды, кәсібилікті қамтиды.

Уақыт талаптарына жауап беретін мамандарды даярлау міндеттерін шешу жоғары мектептің білім беру процесіне технологиялық инновацияларды енгізуге көмектесе алады. ЖОО-ның оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану оқытуды дараландыру мен саралаудың дидактикалық принциптерін жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін туғызады, білім алушылардың танымдық қызметін, олардың шығармашылық белсенділігін, санасын дамытуға оң әсер етеді, оқытудан өз бетінше білім алуға көшу шарттарын жүзеге асырады. Білім берудегі заманауи технологиялар жаңа білім беру парадигмасы іске асырыла алатын құрал ретінде қарастырылады. Осы ретте құқықтық пәндерді оқытуда:

- жеке тұлғаға бағытталған технологиялар;
- модульдік-блоктық технологиялар;
- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- басқару технологиялары;
- ойын технологиясы;
- оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясы;
- нақты жағдайлар әдісі (кейс-стади);
- интерактивті оқыту технологиясы;
- тілдік портфель немесе портфолио;
- жобалық технологияларды пайдалануға болады.

Мақалада тәжірибемізде қолданып жүрген жобалау технологиялары бойынша баяндаймыз.

Екі ғасырлық даму тарихы бар жобалау технологиясы бүгінгі оқу процесінде кеңінен қолданылууда. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – білім алушылардың өмірде пайдалы болуы мүмкін және қажет білімдерге жеке қызығушылығын көрсету, нақты өмірден алынған, білім алушы үшін таныс және маңызды мәселе, оны шешу үшін алған білімін, жаңа білімдерін қоса беру, оқытушы берген ақпараттың жаңа көздерін пайдалана отырып, білім алушының ойын өз бетінше жетілдірудегі қажетті бағыт таңдауы. Жобалау іс-әрекеті арқылы алынған білімді ісжүзінде қолдануды көрсету. Басқаша айтқанда, теориядан практикаға, академиялық білімді прагматикалық, оқытудың әрбір кезеңінде тиісті тепе-теңдікті сақтай отырып біріктіру.

Жоба әдісін қолдана отырып оқыту технологиясы ЖОО-ның жұмыс тәжірибесінде қолданылатын іздеу-зерттеу технологиясының нұсқаларының бірі. Бұл технологияны оқытудың басқа әдістерімен ұштастыра отырып пайдаланған жөн. Жоба, әдетте, аралас оқу пәндерінің түйіскен жерінде қолданылады және білімнің түрлі салаларынан ақпаратты біріктіреді.

Жобалау – оқытушы мен білім алушылардың алдағы зерттеу қызметінің негізгі бөлшектерін алдын ала жасау.

Жобалау – күрделі көп сатылы қызмет. Жобалау технологиясының үш кезеңін бөліп көрсетуге болады:

1. модельдеу – «жаңа өнім» құру мақсаттарын (жалпы идея) әзірлеу,
2. жобалау – құрылған үлгіні одан әрі әзірлеу және оны практикалық пайдалану деңгейіне жеткізу,
3. құру – құрылған жобаны әрі қарай нақтылау, оны нақты жағдайларда осы оқу процесінің нақты қатысушыларының пайдалануы үшін жақындатады [6].

Оқытудағы жобалау технологиясын қолданудың мақсаты – білім алушыларды ЖОО-да оқудың ерте кезеңдерінде шығармашылық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қосу.

Осы технологияның негізгі принциптері:

- болашақ мамандық саласында нақты ғылыми білім алу;
- алынған ақпаратты дәл бақылауға және талдауға үйрету;
- сараптамалық жұмысқа баулу;
- логикалық, сыни, проблемалық-бағытталған пәнаралық ойлауды қалыптастыру.

Жобалау технологиясының негізінде білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өздігінен құрастыра білу, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білу, сыни ойлауды дамыту жатыр.

Жобалау технологиясы білім алушылардың өзіндік қызметіне бағытталған – жеке, жұптық, топтық болып, белгілі бір уақыт аралығында орындалады. Жобалау технологиясы бір жағынан әртүрлі әдістерді, оқыту құралдарын пайдалануды, екінші жағынан – ғылымның, техниканың,

---

технологиялардың, шығармашылық салалардың түрлі салаларынан білімді, іскерлікті кіріктіруді іске асыратын қандай да бір проблеманы шешуді көздейді. Жобалау әдісін қолдана білу – оқытушының жоғары біліктілігінің, оның оқыту мен дамытудың алға ілгерлеуші әдістемесінің көрсеткіші.

Жобалау әдісін пайдалануға қойылатын негізгі талаптар:

– зерттеу, шығармашылық жоспарларында маңызды мәселе немесе біріктірілген білімді талап ететін, зерттеу ізденісін шешу үшін міндеттің болуы (мысалы, жас маман ЖОО аяқтап, қызметке келгенде осы мәселені біліп, игеріп, дағдыланып келсе дейтін бір жаңа курс бағдарламасын әзірлеу.);

– болжанып отырған нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңызы (мысалы, Әзірленгелі отырған оқу бағдарламасының мазмұны практикада қаншалықты қажет; осы жағдайға әсер ететін факторлар; зерделеніп отырған проблеманың дамуы қадағаланатын процестер; теориялық білім беретін нақты тақырыптарды жүйелі құру; іс-шаралар жоспары және т. б.);

– білім алушылардың өзіндік (жеке, жұптық, топтық) қызметі;

– жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау (кезең-кезеңмен нәтижелерін көрсете отырып);

– зерттеу әдістерін пайдалану: зерттеу міндеттерінен туындайтын мәселелерді анықтау, оларды шешу болжамын ұсыну, зерттеу әдістерін талқылау, соңғы нәтижелерді рәсімдеу, алынған мәліметтерді талдау, қорытынды жасау, түзету, қорытындылар (бірлескен зерттеу барысында «миға шабуыл», «дөңгелек үстел» технологиясын, статистикалық әдістерді, шығармашылық есептерді пайдалану).

Әртүрлі жағдайларда жобалардың тақырыбын таңдау түрлі болуы мүмкін. Тақырып бекітілген Білім беру бағдарламалары шеңберінде тұжырымдалуы немесе оқытушының өз пәні бойынша оқу жағдайын, білім алушылардың табиғи кәсіби мүдделері мен қабілеттерін ескере отырып ұсынуы мүмкін. Жобалардың тақырыптары білім алушылардың өздері де ұсынылуы мүмкін, олар тек таза танымдық қана емес, сонымен қатар шығармашылық, қолданбалы. Жобалардың тақырыптары осы мәселе бойынша жекелеген білім алушылардың білімін тереңдету, оқыту процесін саралау мақсатында жоғары оқу орнының бағдарламасының қандай да бір теориялық мәселесіне қатысты болуы мүмкін. Алайда, жобалардың тақырыптары тәжірибеде өзекті және сонымен қатар білім алушылардың білімін бір пәннен емес, әр түрлі саладан, білім алушылардың шығармашылық ойлауын, зерттеу дағдыларын талап ететін қандай да бір тәжірибелік мәселеге жатады.

Қандай да бір жобалық мәселені шешу барысында білім алушыларға ғылымның түрлі салаларынан білім мен іскерлікті қолдануға тура келеді.

Жобалау жұмысын қорғау түрінде емтихан өткізуге болады. Жобалық тақырыпты әзірлеу білім алушылардың білімін мәселені шешуге жұмылдырады, ғылыми жұмысқа тартады. Бұл емтихан түрі тәжірибеде көрсеткендей, білім алушыларға қызықты.

Оқытуды ұйымдастырудың мұндай түрі оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ол тиімді кері байланыс жүйесін қамтамасыз етеді, бұл білім алушылардың ғана емес, курстық жобаны әзірлеуге қатысатын оқытушылардың да жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді. Оларға өз тәжірибесін ұғынудың, өзінің кәсіби шеберлігін жетілдірудің, пәнаралық байланыстарды нығайтуға, талаптардың бірлігін әзірлеуге бағытталған педагогикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетудің жаңа мүмкіндіктері беріледі, бұл, сайып келгенде, оны ақпараттандыру негізінде оқу процесін оңтайландыруға ықпал етеді.

Айта кету керек, барлық білім беру процесін жобалық оқытуға көшіру орынсыз. Білім беру жүйесін дамытудың заманауи кезеңі үшін практиканы технологиялардың алуан түрлілігімен байыту маңызды, олардың бірі жобалау технологиясы болуы мүмкін.

Оқыту мақсаты білім алушылар үшін жағдай жасау болып табылады:

– түрлі дерек көздерден қажетті білімді өз бетінше және мұқият алады;

– танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімді пайдалануды үйренеді;

– әр түрлі топтарда жұмыс істей отырып, қарым-қатынастық біліктерге ие болады;

– зерттеу іскерліктерін дамытады (мәселелерді анықтау, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, болжамдар құру, жалпылау);

– жүйелі ойлауды дамытады.

– Жобалық оқытудың бастапқы теориялық ұстанымдары:

– басты назарда - білім алушы, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;

– білім беру процесі оқу пәнінің логикасына емес, білім алушы үшін жеке маңызы бар іс-әрекет логикасына құрылады, бұл оның оқуға деген ниетін, құлшынысын арттырады;

– жоба бойынша жеке жұмыс қарқыны әр білім алушының өз даму деңгейіне шығуын қамтамасыз етеді;

– оқу жобаларын әзірлеуге кешенді көзқарас білім алушының негізгі физиологиялық және психикалық функцияларының үйлесімді дамуына ықпал етеді;

– базалық білімді терең, саналы игеру әртүрлі жағдайларда оларды әмбебап пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, жобалық оқытудың мәні білім алушы оқу жобасымен жұмыс істеу барысында нақты процестерді, объектілерді меңгереді. Ол білім

---

алушының нақты жағдайларды тұруын, оны құбылыстардың, процестердің тереңдігіне және жаңа нысандарды құрастыруға тартуды көздейді.

Білім алушы мен оқытушының іс-әрекет жүйесін бөлу мақсатында жобаны әзірлеу кезеңдерін алдын ала анықтау маңызды. Қазіргі кезде жобаны әзірлеудің келесі кезеңдері қалыптасты: жобалық тапсырманы әзірлеу, жобаның өзін әзірлеу, нәтижелерді жинақтау, қоғамдық презентация, рефлексия.

Жоғарыда баяндалған теориялық білімді ескере отырып, Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру институты магистранттарына «Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесінен» қорытынды бақылау түрі ретінде Жоба жазу және жоба қорғау алынып жүр. Жоба тақырыбын магистранттардың өздері таңдайды. Жас маманның ЖОО-да алған білімі көп жағдайда тәжірибелік ортада жетіспей жатады. Осы кезде жұмыс беруші тарапынан ЖОО-ның маман дайындауына қатысты сындар айтылып, екі жақты келіспеушіліктер орын алып жататындығы белгілі. Осындай келенсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында магистрант өзі немесе қызметтестерімен келісе отырып, болашақ құқық қорғау органдарының қызметкеріне ЖОО-да оның біліктілігін арттыру үшін қандай пәндер оқытылу керек? – деген сауалға жауап іздеу. Яғни Магистранттар «Құқықтық пәндерді оқыту әдістемесі» пәнінен оқытудың теориялық негіздерін ала отырып, құқық қорғау органдарының қызметкеріне тәжірибелік ортада қажетті деген пәндердің оқу-жұмыс бағдарламаларын әзірлейді. Курс соңында Магистранттар өз жобаларын топ алдында қорғайды. Сонымен қатар аталған пәнді оқу барысында магистранттар оқытуды ұйымдастыруға қатысты барлық жұмыс түрлерімен танысады және орындайды.

Бұл жоба өз нәтижесін беруде. Тәжірибелі магистранттар өз тәжірибелерінде кездесіп жатқан жағдаяттар негізінде бүгінгі құқық қорғау органдарында өзекті мәселелерге арналған оқу-жұмыс бағдарламалары өмірге келуде. Ұсынылып жатқан тақырыптардың ішінде пәнаралық (әлеуметтік, психологиялық, тілдік т.б.) тақырыптарға көңіл бөлу басым. Қорғалған кейбір тақырыптар Академияның 1-институтының біліктілігін арттыру курстарына (магистрант А.Түсіпбековтың «Наразы топ алдында прокурордың сөз сөйлеуі») ұсынылды.

Кез келген жаңа педагогикалық технологияның пәні – нақты құрылымдау, жүйелеу, бағдарлау, алгоритмдеу, оқыту немесе тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін стандарттау негізінде, компьютерлендіру және техникалық құралдарды енгізумен ұйымдастырылған әр түрлі қызмет түрлеріндегі студенттер мен оқытушылардың нақты өзара іс-қимылы болып табылады.

Сонымен, заманауи педагогикалық технологиялар оқытудың мазмұнын жаңаша іске асырады және қойылған дидактикалық мақсаттарға

жетуді қамтамасыз етеді, ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ғылыми тәсілдерін қарастыра отырып, білім алушыларға көрсетілетін білім беру қызметтерінің ауқымын кеңейтеді, оқытудың жаңа түрлерін, әдістері мен құралдарын өзгертеді және ұсынады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды пайдалану – жоғары білім беруді дамытудың ең перспективалы бағыттарының бірі, ол оқу процесін жекелендіруге, оқыту мен тәрбиелеуді қарқынды дамытуға, болашақ маманның тұлғасын қалыптастыруға және белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 1 қыркүйек 2020 жыл.

2 Білім және Ғылым. Энциклопедиялық сөздік/ред.басқ. Ж.Қ.Түймебаев. – Алматы: Атамұра, 2009. – 135 б.

3 Мұқанова Қ.Қ. Қазақ тілін журналистика бөлім студенттеріне қарқынды оқыту технологиясы. Пед. ғылым. д-ры ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 26 б.

4 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялармен оқыту құралдары. – Алматы: ЖШС Казпрофтех. – 227 б.

5 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

6 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2013. – 448 б.